

Нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары Білім министрлігі 1999 жылғы 5 сәуір N 158. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 732 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 732 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес білім және ғылым мәселелері бойынша заңға тәуелді кесімдерге тексеріс өткізу барысында қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін актілер анықталды. Ведомстволық нормативтік базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру

мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

2) N 756 тіркелген, "Нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 158 бұйрығы...

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Z970163_ Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" N 1268 P981268_ және 1998 жылғы 22 желтоқсандағы "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі ережелерді әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" N 1314 P981314_ қаулыларын жүзеге асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын іргелі зерттеулер және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар бағдарламаларына берілетін мемлекеттік тапсырыс туралы қоса беріліп отырған Ережелер және республикалық нысаналы және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды конкурстық іріктеу тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар және оларды ресурстық камсыздандыру департаменті (А.Төлебаев), Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау және ақпараттық инфрақұрылым департаменті (В.Дробжев) бір айлық мерзімде бұрын бекітілген нормативтік құқықтық актілерді осы Ережелерге сәйкес келтіретін болсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Е.Е.Ерғожинге жүктелсін.

Министр
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
1999 жылғы 5 сәуірде

№ 158 бұйрығымен бекітілген

Республикалық бюджет қаржылары есебінен іргелі зерттеулер мен қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды орындау үшін мемлекеттік тапсырыс беру Қағидалары

I Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі немесе әкімші-мекемелер бағдарламалары тапсырыстары бойынша республикалық бюджет қаржыларының есебінен орындалатын іргелі зерттеулер мен қолданбалы мемлекетаралық, халықаралық, республикалық мақсатты, салалық және салааралық, аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалар (бұдан әрі - бағдарламалар) мен жобалар мемлекетаралық, халықаралық, республикалық мақсатты, салалық және салааралық, аймақтық Ғылым қоры жобалары түрінде ғылыми-техникалық өнім мемлекеттік сатып алу, беру мен жасау процесінде пайда болатын құқылық қатынастарды реттеп отырады.

2. Осы Қағидалар нормалық құқықтық негіздері мыналар болып табылады:

1) "Қазақстан Республикасы Ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" 1992 ж. 15 ақпандағы № 1129-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңы;

2) Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алулар туралы" 1997 ж. 16 шілдедегі № 163-І Z970163_ Қазақстан Республикасының Заңы;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы" 1996 ж. 11 наурыздағы № 2895 U962895_ Жарлығы;

4) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы" 1993 ж.

22 қаңтардағы N 61 P930061_ қаулысы;

5) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Ғылым қоры жайлы ережесін бекіту туралы" 1993 ж. 19 наурыздағы N 218 P930218_ қаулысы ;

6) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру және жүргізу туралы" 1993 ж. 19 қыркүйектегі N 876 P 9 3 0 8 7 6 _ қаулысы ;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік тауарлар, сатып алуды, жұмыстар мен қызметті тәртіпке келтіру Нұсқауын бекіту туралы" 1998 ж. 10 желтоқсандағы N 1268 P981268_ қаулысын;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекет бюджет-қаржысы есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырыс туралы үлгі қағидасын дайындау нұсқауын бекіту туралы" 1998 ж. 22 желтоқсандағы N 1314 P981314_ қаулысын;

9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын әкімші-мекемелер бағдарламаларының мәселелері" 1998 ж. 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ қаулысы;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Республикалық бюджет қаржысы есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламаларын дайындау және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" 1999 ж. 23 ақпандағы N 145 P 9 9 0 1 4 5 _ қаулысы .

3. Осы Қағидада қолданылатын ұғымдар:

1) Ғылыми-техникалық өнімге (сатып алу) (бұдан әрі - мемлекеттік тапсырыс) - республикалық бюджет қаржылары есебінен ғылыми-техникалық салада мемлекетке қажет ғылыми-техникалық өнімдерді, жұмысты және қызметті алуға бағытталған еліміздің дамуындағы әлеуметтік-экономикалық басымдықтар бойынша орындауға Мемлекеттік тапсырыс;

2) Мемлекеттік тапсырысты орындау туралы келісім (шарт) - Мемлекеттік сатып алулар туралы Заңы және басқа да нормативтік құқылық актілерге сәйкес орындаушы мен тапсырыс берушінің арасында жасалған азаматтық құқылық к е л і с і м ;

3) Тапсырыс беруші - бекітілген басымдықтар деңгейінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша және басқа да мемлекеттік басқару органдарының өтінімдері бойынша республикалық бюджет қаржылары есебінен мемлекеттік тапсырысты іске асыратын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі немесе әкімші-мекеме;

4) бағдарламалардың әкімші-мекемесі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталған министрлік немесе агенттік;

5) тендер-конкурс (бұдан әрі - конкурс) - әлеуетті орындаушылар арасында болатын бәсекелестікті көздейтін және келісімнің ең тиімді шарттарын анықтауға бағытталған мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тәсілі;

6) орындаушы - тапсырыс берушімен жасалған келісім негізінде ғылыми-техникалық салада қызмет көрсететін немесе ғылыми-техникалық өнім беруді жасауға бағытталған жеке тапсырмалар бойынша бағдарламалар мен жобаларды дайындау, іске асыру және үйлестіру жұмыстарын атқаратын заңды тұлға (ғылыми-зерттеу ұжымдары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі - мемлекеттік кәсіпорындарының жеке ғылымдары, жоғары оқу орындарының, ұлттық ғылыми-орталықтардың, меншіктілік түріне қарамай, Жарғысында қарастырылған ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау және технологиялық жұмыстар);

7) әлеуетті орындаушы-келісім жасау мақсатында мемлекеттік тапсырысты орналастыру процесіне қатысатын заңды тұлға;

8) мемлекеттік тапсырысты орналастыру процесі - ғылыми-техникалық өнім жасауға, ғылыми-техникалық салада мемлекет үшін жұмыстар және қызмет көрсетулер алуға, соның ішінде тапсырыс берушінің номенклатура мен көлем қалыптастыруға бағытталған барлық атқарылатын шаралардың кешені;

9) ғылыми-техникалық (технологиялық) өнім:

ғылыми-технологиялық салада іс-әрекетті реттейтін және ғылым мен техника саласында басқару процестерін жетілдіруге бағытталған нормативті-техникалық және ұйымдастыру-әдістемелік құжаттар;

іргелі және қолданбалы ғылыми, технологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды, шешуді қамтамасыз ететін, алынатын өнімнің техникалық деңгейі мен сапасын көтеретін және республикада ғылыми-техникалық алға басуды анықтайтын жаңа көзқарастағы техника мен технологиялық процестерді жетілдіретін және құратын ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың нәтижелері:

бәсекеге түсе алатын өнім мен уақытында оны жаңартуды қамтамасыз ететін алға басу технологиялары, жоғары тиімді кешендер, машина, құралдар, жабдықтар, материалдар және конструкцияларды өндірісте игеруді құру және дайындаудың тәжірибелі-конструкторлық, жобалық, технологиялық және эксперименталды жұмыстардың нәтижелері;

ғылыми-техникалық қызмет осы заманғы жаңа техника, озық технологияларды игеруде өндіріске сапалы дайындауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық және ғылыми-әдістемелік шаралар;

10) ғылыми-сараптау органы - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі немесе әкімші-мекеме бағдарламасымен анықталған ғылыми-техникалық, проблемалық немесе басқа Кеңес және өз құзыреті шегінде

дайындау және орналастыру процестерін реттейтін, оның ішінде ғылыми-техникалық экспертиза (бағалау), ғылыми-зерттеу бағытына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орындайды;

іргелі зерттеулер бағдарламаларды - Іргелі зерттеулер кеңесі, ғылым бағытындағы проблемалық кеңестер;

республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды (бұдан әрі РҒТБО) - РҒТБО бойынша кеңестер, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесі;

халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалардың Қазақстан бөлігін, денсаулық сақтау және білім салаларының ғылыми-техникалық бағдарламалары, аймақтық ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесі, сондай-ақ басқа бағдарламаның әкімші-мекеме белгілеген ғылыми кеңестері;

салалық және салааралық ғылыми-техникалық бағдарламалары мен жобаларын-өнеркәсіп, энергетика, құрылыс, көлік және коммуникацияның даму проблемалары бойынша Салааралық ғылыми-техникалық кеңес, агроөндіріс кешенінің ведомствоаралық ғылыми-техникалық кеңесі немесе бағдарламалардың әкімші-мекеме белгілеген басқа кеңестер;

Ғылым қоры жобаларын - Ғылым қоры кеңесі (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті 1993 ж. 19 наурыздағы N 218 қаулысына сәйкес).

2 Тарау. Процеске қатысушылардың қызметтері

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басымдықтарға сәйкес, мемлекет дамуындағы басым ғылыми-техникалық бағыттарды Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі Агенттікпен анықтайды және келіседі;

2) басым бағыттар бойынша ғылыми-техникалық бағдарламалар мен тақырыптарды (жобаларды) орындауда республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемінде қажеттілікті негіздеу үшін Қазақстан Республикасы "Ғылыми-техникалық дамуы" бөлімі бойынша дамуының стратегиялық және жылдың индикативті жоспарларын қалыптастырады;

3) мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыру және жолдамалау мәселелерін реттейтін нормативтік құқылық актілерді өз құзыреті шегінде әзірлеуді және бекітуді іске асырады.

5. Тапсырыс беруші:

1) бағдарламалар мен жобалар конкурсын ұйымдастыру және өткізу, оның нәтижелерін бекітеді;

2) орындаушылармен келісім жасайды және конкурс нәтижелеріне сәйкес бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды іске асырады;

3) ұйымдастырушы-орындаушылардың ведомстволық тұрқына және меншіктілік нысанына қарамай, республикалық бюджет есебінен өткізілетін ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды үйлестіруді қамтамасыз етеді ;

4) ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың (тақырыптардың) іске асу барысын және ғылыми-техникалық өнімнің мемлекеттік қабылдауын бақылауды жүзеге асырады .

6. Өз өкілеттіліктері шегінде ғылыми-сараптау органы:

1) ғылым мен техниканың сәйкес салаларында дамудың басым бағыттарын анықтау бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

2) конкурсқа түскен жобалар мен тақырыптардың ғылыми-сараптық бағасын (талдауын) конкурс комиссиясының тапсырмасы бойынша ұйымдастырады;

3) мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалған жұмыстар бойынша аралық және қорытынды ғылыми-техникалық есептердің ғылыми-сараптық бағалауын (талдауын) тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша ұйымдастырады.

7 . О р ы н д а у ш ы :

1) әлеуетті орындаушы сапасында мемлекеттік тапсырысты орналастыру конкурсына қатысады ;

2) келісім шарттарына сәйкес тапсырыс берушіге ғылыми-техникалық өнімді әзірлейді және өткізеді.

3 Тарау. Ғылыми-техникалық өнімге мемлекеттік тапсырысты қалыптастырудың тәртібі

8. Ғылыми-техникалық өнімге мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру мен орналастыру және ғылыми зерттеулердің қорытындыларын мемлекеттік қабылдау Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алулар туралы заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ғылыми-техникалық өнімге мемлекеттік өтінімдеме беру процесін іске асырудың басталуына тапсырыс беруші:

1) ғылыми зерттеулердің басым бағыттарының бірінші кезектегі бағдарламалары мен жобалар тізбесін мына мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келіседі (әкімші-мекеме бағдарламалары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен келіседі):

іргелі зерттеулер - Жоғары ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі-ЖҒТК) Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы және мүдделі министрліктер мен ведомстволар ;

РҒТБО - Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Табиғи ресурстар

және қоршаған ортаны қорғау министрлігі және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар;

салалық және салааралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар - Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік, коммуникация және туризм министрлігі, және Табиғи ресурстар қоршаған ортаны қорғау министрлігі және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволар;

мемлекет аралық және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар - Сыртқы істер министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволар;

аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалар-облыстық әкімдер; денсаулық сақтау және білім салаларының ғылыми-техникалық бағдарламалары - Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволар;

2) қажетті қаржыландыру көлемін негіздейді және белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келістіреді;

3) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар" Заңына сәйкес (8-бап) анықтайды, тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге мемлекеттік сатып алулар жүргізу тәртібі туралы Нұсқаулықта белгіленген жағдайларда (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы) мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру жолдарын мемлекеттік сатып алулар жөніндегі өкілетті органмен келіседі;

4) ЖОҒТК бағдарлама (жоба) және басқа ғылыми-техникалық кеңес, бас ұйым ұсынуы бойынша анықталады;

5) конкурс комиссиясын құрады, конкурстық құжаттарды бекітеді және конкурстық тапсырыстың сарапшы бағасы үшін сәйкес ғылыми сарапшы органды (кеңес) анықтайды.

10. Ашық конкурс өткізуде тапсырыс беруші осы конкурсқа қатысу өтінімдерінің түсуінен бір ай мерзім бұрын республикалық баспасөзге хабарландыру береді.

11. Жабық конкурс өткізерде тапсырыс беруші тапсырыстарды қабылдау күніне бір ай бұрын қалғанда әлеуетті орындаушыларға конкурсты өткізу мерзімі мен оның шарттарын көрсете отырып жазбаша хабарлама жібереді.

12. Тапсырыс берушінің хабарламасындағы осы Ереженің 10 және 11 т. бойынша кез келген өзгерістер бөгелместен жариялануы керек (ашық конкурс жағдайында) немесе әлеуетті орындаушылар жедел мәлімделеді (жабық конкурс жағдайында). Бұл ретте конкурсқа өтінім қабылдау мерзімі есептеу соңғы өзгерістер туралы мәлімдеу күнінен бастап есептеледі.

13. Әлеуетті орындаушылар хабарландыруда немесе мәлімдемеде көрсетілген

мерзімде тапсырыс берушіге конкурсқа қатысуға конкурс талаптарына сай дайындалған өтінім түсіреді.

Конкурсқа қатысуға қабылданған өтінімдер қабылдау хаттамамен және сәйкес журналға тіркеу арқылы рәсімделеді.

14. Конкурстық комиссия өтінімдерді ұсыну уақыты аяқталған соң, конкурстық материалдары бар конвертті ашып, конкурс талаптарына сай екенін, олардың толықтығын анықтайды.

15. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарауда жекелеген позициялар бойынша әлеуетті орындаушыларға қосымша материалдар түсіруін ұсынуына болады, ал бірақ осы Ережелер мен конкурстар талабына жауап бере алмайтын өтінімдерді, осы талаптарға сай қайта түсіруге жол берілмейді.

16. Ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарына республиканың ғылыми-техникалық дамуына сай емес және белгіленген уақыттан кеш өткізген конкурстың шарттарына және осы Ережелер талаптарына сай рәсімделмеген өтінімдер қаралмайды, қайтарылмайды, рецензияланбайды, бірақ мәлімет қорына мониторинг үшін есепке алынады.

17. Тапсырыс беруші қабылданған өтінімдер ғылыми-сараптық бағалау және, қажет жағдайда, соның нәтижелері бойынша сәйкес бағдарламалар қалыптастыру үшін тиісті ғылыми-сараптық органға жібереді.

18. Ғылыми-сараптау органы (кеңес) конкурстық өтінімдемелердің бағалау өлшемінің критерийінің сәйкестігін анықтайды.

Бағдарламалар мен жобалардың (тақырыптың) бағалау өлшемін тапсырыс беруші конкурстық құжаттардан анықтайды және ғылыми зерттеу бағытына сәйкес конкурс жөнінде хабарлама жарияланады.

19. Тапсырыс беруші конкурстық комиссияның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 14 қыркүйектегі N 876 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 ж. 23 ақпандағы N 145 қаулыларына сәйкес, бағдарламалар мен жеке жобалар (тақырыптар) және олар жөнінде өтінімдер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға (бұдан әрі - МФТС) жіберіледі.

20. МФТС нәтижелері негізінде ғылыми-сараптау органы төмендегі хаттамалық шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруға ұсыну;
- 2) жекелеген ұсыныстарды біріктіру және кешендік бағдарлама қалыптастыру (б а с ұ й ы м ұ с ы н ы с ы м е н) ;
- 3) бағдарлама және жобаға түзету енгізуге ұсыну (тапсырманы, қаржы сұрауды, іске асыру мерзімін өзгерту);
- 4) ұсынысты қабылдамауға ұсыну (нақты себебін көрсете отырып).

21. Конкурс қорытындысын конкурс комиссиясының хаттамасымен

р ә с і м д е л е д і .

22. Конкурстық комиссия бас ұйымды бағдарлама немесе жоба жөнінде конкурс қорытындысын жазбаша түрде хабарлайды.

23. Конкурс қорытындысы бойынша бас ұйымдар дайындаған, конкурста жеңімпаз деп аталған бағдарламалар және жобалар Қрзақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің немесе әкімші-мекеме бағдарламалары алқа мәжілісінде қаралады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі немесе әкімші-мекеме бағдарламаларының басшысымен б е к і т і л е д і .

24. Бағдарламалар мен жобаларды конкурстық іріктеу процедурасы ғылыми зерттеулер бағдарламалары бойынша нұсқаулыққа сәйкес белгіленеді.

25. Белгілі бір себептермен конкурс өтпесе, немесе оның қорытындылары жеңімпазды анықтамаса, мемлекеттік сатып алулар өкілетті органмен келісім бойынша, осы Қағиданың 4 бөлімі бойынша аталған шешім рәсімделіп, мемлекеттік тапсырыс орындаушылардың біреуіне ("бір көзден сатып алу") орналастырылуы мүмкін.

4 Тауар. Мемлекеттік тапсырысты бір орындаушыға қалдырудың тәртібі

26. Бір орындаушыға мемлекеттік тапсырыс конкурстық процедураларды өтпей-ақ орналастырады және ол мынадай жағдайларда қолданылады:

1) бұл жұмыстар мен қызмет көрсетулердің тек бір ғана нақты әлеуетті жабдықтаушыда (өнім беруші) болуы не нақты бір әлеуетті жабдықтаушының осы жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау жөнінде ерекше құқығы бар е к е н д і г і ;

2) төтенше жағдайларға байланысты осы жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жедел орындау қажеттілігі туындаған кезде конкурстар өткізудің реті келмей қ а л а д ы ;

3) бір жабдықтаушыдан құрал-жабдық технология не қызмет көрсетулер сатып алған тапсырыс беруші сол жабдықтаушыдан тағы құрал-жабдық сатып алу жүйелеу, стандарттау тұрғысынан болмаса қолда бар құрал-жабдықпен, технологиямен не қызмет көрсетулермен үйлесімдіктің қажеттігіне байланысты б о л а д ы д е п б е л г і л е й д і .

27. Тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге мемлекеттік сатып алулар жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың 7 тармағында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы) ескертілген жағдайларды қоспағанда, бір көзден мемлекеттік сатып алулар жүргізу мемлекеттік сатып алулар жөніндегі өкілетті органмен келісім бойынша

ж а с а л а д ы .

28. Мемлекеттік тапсырыс бір орындаушыға берілгенде, өтініш қаралудың барлық белгіленген кезеңінен өтеді (осы Қағиданың 13-23 т.).

5 Тарау. Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптар

29. Берілген хабарландыруға сәйкес конкурсқа тіркелген өтінім құжаттарында әлеуетті орындаушылардың біліктілік сипаттамалары көрсетілуі керек және оған қоса мынадай мәліметтер беруі керек:

1) заңды реквизиттері (ұйымның толық және қысқа атауы, поштасы, т е л е ф о н ы , т е л е ф а к с ы) ;

2) тіркеу мерзімі, орны және органы, ұйымдық-құқылық түрі;

3) лицензия берілген жұмыс түрлері, әрекет мерзімі (лицензия көшірмесі және ғылыми қызметті іске асыруға құқылы екенін растайтын Жарғыда бекітілген көшірмесі, қоса беріліп отыр);

4) зертханалық және эксперименттік жабдықтың және қажетті өндірістік аудандардың барлығы және жағдайы жайлы мәліметтер;

5) мамандар ресурсы (тізімдік құрамы, біліктілігі, ұсынылған тақырыпты әзірлеуге тартылған мамандар тәжірибесі);

6) өтінім тақырыбы бойынша істің барлығы;

7) қаржылық жағдайы туралы мәліметтер (әлеуетті орындаушының қаржылық жағдайы туралы банктің анықтамасы, салық төлегені және бюджетке басқа міндетті түрде төлемдік міндеттерін орындағаны жайлы салық органының анықтамасы, Мемлекеттік орталыққа зейнет төлемдері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру Қорына, Міндетті медициналық сақтандыру Қорына, жұмыспен қамтамасыз етуге көмек Қорына төлегендері жайлы анықтама). Конкурс болатыны туралы хабарландыру мерзімінің алдында анықтама мәліметтері соңғы айға ұсынылады;

8) өткен жылғы баланс есебі;

9) мемлекеттік және коммерциялық құпия құрайтын мәліметтердің рұқсатсыз жариялануын болдырмау қажеттігіне байланысты арнайы талаптарды сақтау мүмкіндіктері .

30. Әлеуетті орындаушы күмәнді ақпарат ұсынғаны үшін заңға сәйкес жауапкершілік жүктеледі .

31. Өзіне қойылатын біліктілік талаптарына қатысы жоқ басқа талаптарды тапсырыс беруші әлеуетті орындаушыға, сондай-ақ орындаушы да тапсырыс берушіге өзіне қатысы жоқ ақпарат бермеуіне құқылы.

32. Егер біліктілік талаптарына сай толық емес немесе күмәнді ақпарат берілсе, тапсырыс беруші әлеуетті орындаушыны конкурстан алып тастауға қақы бар. Түсірілетін ақпараттың толымдылығы тапсырыс беруші біліктілік

мәліметтерді қабылдау сәтінде анықталады, ал қажет жағдайда оның ақиқаттылығын тапсырыс беруші тексереді.

33. Қажет жағдайларда тапсырыс беруші қосарлы орындаушы ұйымдардың біліктілік сипаттамасын талап етуіне болады.

6 Тарау. Конкурса қатынасуға өтінім беру

34. Конкурса қатынасуға өтінім беруді әрбір бағдарлама, жоба (тақырып) бойынша дайындау керек және ол ұсыныстардың нәтижелері әлеуметтік, экологиялық, тағы басқа іске асатын және экономикалық және ғылыми-техникалық және де басқа тымділігінің сараптық бағалау үшін жетерліктей қажетті ақпараты болуы қажет. Өтінім түрі конкурс туралы хабарландыруда беріледі және іріктеу конкурсы нұсқауы туралы ғылыми-зерттеулер бағыттары бойынша сәйкес реттеледі.

35. Өтінімге мынадай міндетті мәліметтері бар жоба (бағдарлама) қоса беріледі :

- 1) бағдарламаның, жобаның толық атауы;
- 2) бас ұйым және қосарлы атқарушы ұйымдар (орындаушылар);
- 3) бағдарламаның, жобаның жетекшісі (тегі, аты, әкесі);
- 4) қоса орындаушы-ұйым атынан жұмыстың сәйкес бөлігін орындауға жауапты тұлға ;
- 5) тақырып жетекшілері туралы негізгі мәліметтер және олардың аталған тақырып төңірегінде атқарған жұмыстарының түсінігі;
- 6) бағдарлама, жоба бойынша жалпы жағдай; жұмыстың көкейкестілігі, ғылыми және практикалық мәні; аталған тақырыпқа жақын, ұқсас тақырыптар, бәсеке бағыттағы Қазақстан, жақын және алыс шетел зерттеулері, қорғану қабілеттілігі (қорғану қабілетті нысандарды патенттеу жайы);
- 7) жобаның мақсаты, зерттеудің міндеті;
- 8) ұсынылатын жұмыстардың мазмұны, жаңалығы, бірегейлігі;
- 9) күтілетін нәтижелер (сандық және сапалық нақтылануы), негізгі көрсеткіштерінің ең жақсы отандық және шетелдік ізденістермен салыстырмалы мәліметтері; егер ұсыныс бағдарламаға енгізілетін болса, онда бағдарламаның орындалуының барысы мен тұтас алғандағы күтілетін нәтижелері;
- 10) әрбір кезең бойынша күтілетін нәтижелер көрсетілген жұмыстардың күнтізбелік жоспары; бұл орайда кезеңмен жеке бағалауға және өткізу-қабылдауға жататын аяқталған жұмыстың бөлігі деп түсіну керек;
- 11) жұмысты жүргізудің және күтілетін нәтижелерді алу мүмкіндігінің техникалық-экономикалық негізделуі;
- 12) қолда бар іс (негізгі жарияланымдар, авторлық куәліктер, патенттер және басқа тізімінің қосымша ретінде тіркелуі); қолда бар құрал-жабдықтар және оның негізгі параметрлерін, стендтер мен басқа да жабдықтың, өндірістік бөлмелері

оны ұсынылып отырған жобаның міндеттерін орындау үшін пайдалану мүмкіндігін көрсету керек;

13) ұсыныста (жобада) сұрап отырылған қаржыландырылуы; жобаны жылдар бойынша бөлудің жалпы құны және бірінші жылғы қаржыландырудың тоқсан бойынша бөлінуі; жалпы құнды негіздеу;

14) маркетингтік зерттеушілердің қорытындысы МҒТБО және қолданбалы бағдарламалар (жобалар) үшін.

36. Әр тақырып бойынша өтінімге ұйым басшысы және әзірлік (тақырып (жоба), бағдарлама) жетекшісі қол қояды. Қосарлы орындаушы-ұйымдар болған жағдайда, осы ұйымның өкілі де қол қояды.

37. Конкурсқа қатысуға өтінімге қол қоярда әлеуетті орындаушы, осы конкурстың жағдайларына келісетініне кепілдік береді, критерийіне қарап тапсырыс беруші жеңімпазды анықтайды және даулы мәселелерді шешуде міндетті түрде конкурс жүргізуді реттейтін нормативті актілерге сәйкес анықталады.

38. Өтінімдердің конкурсқа түсірудің соңғы мерзімі біткенге дейін, әлеуетті орындаушы өтінімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне болады.

7 Тарау. Жұмыстары орындау келісімі

39. Тапсырыс беруші мен орындаушының ара қатысын реттеп отыратын негізгі құжат (бағдарлама үшін бас ұйым) - ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындаудың және іске асырудың Мемлекеттік шарты болып табылады.

40. Өзара шарт барлық жұмыс кешенін, сондай-ақ оны одан әрі ғылыми-техникалық өнімді өндірісте зерттеуден қолдануға дейін немесе бағдарламаның жекелеген кезеңдерін орындауға жасалуы мүмкін.

41. Бас ұйым өз кезегінде қоса орындаушылармен ғылыми-техникалық өнім жасауға және беруге байланысты келісім жасайды.

42. Қоса орындаушы-ұйымдардың атауы, олардың атқаратын жұмыстарының мазмұны, көлемі және құны бағдарламада, ғылыми-техникалық өнім әзірлеудің техникалық тапсырмасында және жұмыстардың күнтізбелік жоспарында көрсетіледі.

43. Келісімнің өзегі болатын өнімге ғылыми-техникалық, экономикалық және басқа талаптар техникалық тапсырмалар немесе оны алмастыратын басқа құжатпен қойылады.

Ғылыми-техникалық өнімді дайын етуге техникалық тапсырмалардың жасалу, келісуі және бекітілуі жасалу тәртібіне сәйкес нормативтік құжаттармен анықталады.

44. Ғылыми-техникалық өнімнің бағалары ұсынылған калькуляциялық құн негізінде тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы жұмыс басталғанға дейін

ғылыми-техникалық өнімнің келісімді бағасы туралы келісім хаттамасы дайындалады.

45. Тапсырыс берушімен келісілмей жол берілген, келісімі бағадан артып кеткен шығын орындаушының өз қаржысы есебінен толтырылады.

46. Қазақстан Республикасы Үкіметінің республика бюджетін қысқарту жағдайында (секвестра) және (немесе) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тапсырыс берушіге ғылымға бөлінген қаржыны толық аудармаса, тапсырыс беруші орындаушы алдында жауапкершілігі нақты бөлінген қаржыға сәйкес атқарылған жұмыстардың төлеу есебі деңгейінде сақталады.

47. Егер жұмыс тапсырыс берушінің бастамасы бойынша тоқтатылса, онда ол орындаушының нақты атқарған жұмыс көлемі есебінде төленеді.

48. Тапсырыс беруші орындаушымен есеп айырысуы ғылыми-техникалық өнімнің пайызы актілері және өнімді беру - қабылдау негізінде жүреді. Жұмысты өткізу-қабылдануын тек жұмыс кезеңдері аяқталған соң немесе тұтас біткен соң жүргізеді.

49. Тапсырыс беруші заңға сәйкес шарттардың орындалу барысы мен сапасын бақылауды іске асыруға құқылы.

50. Орындаушы шартты орындамаған жағдайда тапсырыс беруші келісімді бұзуға құқылы.

51. Мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалған ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық аяқталған жұмыстар (қызмет) қорытындысын қабылдау үшін тапсырыс беруші Мемлекеттік қабылдау туралы Нұсқаулыққа сәйкес комиссия құрады, немесе осы мақсат үшін сәйкес ғылыми-сараптық органды (бағдарлама немесе жоба (тақырып) кешенді сипатта болған жағдайдағы-органдар) қатыстырады. Комиссия құрамына тапсырыс берушінің өкілдері, жетекші ғалымдар, сәйкес білім салаларының мамандары, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың, өндірістердің мүдделі өкілдері енеді.

52. Мемлекеттік қабылдауға орындаушы ғылыми-зерттеу нәтижесінің нормативтік құжаттар талабына сәйкес жасалған қорытынды есебін, басқа ғылыми техникалық өнімді, келісім шартта белгіленген техникалық тапсырманы, сонымен қатар жұмыстың тапсыру - қабылдаудың актісін ұсынады.

8 Тарау. Қорытынды ережелер

53. Келісім үрдісінде, шартты орындауда және аяқталған жұмыс қорытындысын қабылдау кезінде тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы барлық даулы жағдайлар қазіргі қолданыстағы заңға сәйкес реттеледі.

54. Іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен

жобаларды орындауда мемлекеттік тапсырысты орналастыру және іске асыруда мемлекеттік сатып алу туралы заңды бұзғаны үшін қазіргі заңға сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ғ ы л ы м ж әне ж о ғ а р ы б і л і м
м и н и с т р і н і ң

1 9 9 9 ж ы л ғ ы 5 с ә у і р д е

№ 158 бұйрығымен бекітілген

**Республикалық нысаналы және қолданбалы ғылыми-техникалық
бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық
жобаларды конкурстық реттеудің тәртібі туралы
Нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Республикалық бюджет қаражаты есебінен іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды орындауға берілетін мемлекеттік тапсырыс туралы қағидаларға сәйкес республикалық нысаналы және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламалар (әрі қарай - бағдарламалар) бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды (әрі қарай - жобалар) конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібін а н ы қ т а й д ы .

2. Жоғарыда көрсетілген қағидадағы ұғымдар осы Қағидаларда да пайдаланылады.

2. Жобаларды конкурстық іріктеу

3. Жобаларды конкурстық іріктеу тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. 10.12. № 1268 қаулысымен бекітілген нұсқаулығына сәйкес және ғылыми-техникалық қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, екі кезеңде іске асырылады.

I-Кезең

4. Конкурстық тапсырыстарды ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін 7 күн ішінде конкурстық комиссия конкурстық материалдарды ашып қарап, олардың жан-жақты толық және конкурс талаптарына сәйкестігін анықтайды.

Маңызды ескертусіз конкурс шарттарында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін конкурстық тапсырыс талапқа сай деп саналады. Конкурстық тапсырыстың талаптарға сай екендігін конкурстық комиссия қосымша көздер негізінде емес, конкурстық тапсырысқа қарап белгілеуі тиіс.

5. Белгіленген мерзімі өтіп кеткеннен кейін тапсырылған (конкурстық комиссияның алған күні бойынша), немесе конкурс ережелеріне сай рәсімделмеген және тиісті құжаттары толық емес материалдарды конкурстық

комиссия әрі қарай қарап, талқылауға алмайды.

6. Потенциалды орындаушы толық емес, анықтығы жоқ, жалған және (немесе) біліктілік талаптарына сай келмейтін ақпарат берген жағдайда, конкурсқа одан әрі қатысуға жіберілмейді, және оның конкурстық тапсырысы қабылданбайды.

7. Конкурстық комиссия потенциалды орындаушыларға жобаларды қарауды, оны бағалауды, салыстыруды жеңілдету үшін, жеке бағыттар бойынша қосымша материал беруді ұсынуға құқылы. Жобаларды қарау мен бағалаудың қай кезеңінде болмасын конкурс талаптарына сай келмейтін конкурстық тапсырыстарды талаптарға сәйкестендіру мақсатында сауал салуға рұқсат берілмейді.

Түсініктеме туралы сауал және оған берілген жауаптар жазбаша түрде берілуі тиіс.

8. Конкурстық комиссия тапсырыста мынадай жағдайлар болса да талаптарға сай деп қарауға құқылы:

1) конкурстың талаптарына қайшы келмейтін оның шарттарынан шамалы ауытқулардың болуы;

2) конкурстық тапсырыстың негізгі мәнін бұзбай-ақ түзеуге болатын грамматикалық не арифметикалық қателер.

9. Конкурстық бірінші кезеңінің қорытындысы хаттама түрінде рәсімделіп, онда конкурстық тапсырыстардың қабылданбауының себептері көрсетіледі.

II-Кезең

10. Конкурстық материалдар конкурстық құжаттамалардың барлық талаптарына сай келетін болса, және олардың потенциалды орындаушылары біліктілік талаптарын қанағаттандырған ретте конкурстық комиссия материалдарды жобаларды бағалау және салыстыру үшін тиісті бағдарлама (кіші бағдарлама, тарау, бөлім) бойынша құрылған ғылыми-сараптама кеңесіне (кеңестеріне) жібереді.

Ғылыми-сараптама кеңестерінің құрамы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітіледі. Ғылыми-сараптама кеңестерінің жұмысын басқару конкурстық комиссия төрағасына жүктеледі.

11. Ғылыми-сараптама кеңесі конкурстық материалдары бар конверттерді конкурстық комиссия ашқан соң 10 күн мерзімде жобалардың конкурс шарттарында айтылған баға беру өлшемдеріне сәйкестігін анықтайды.

Ғылыми-сараптама кеңестері жұмысының қорытындылары хаттама түрінде рәсімделеді де конкурстық комиссияға табыс етіледі.

12. Ғылыми-сараптама кеңестері жұмысының қорытындылары бойынша конкурстық комиссия конкурс талаптарына сәйкес келетін жобаларды мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптауға (әрі қарай-МҒТС) жіберу туралы хаттамалық шешім қабылдайды.

13. МФТС әрбір жоба жөнінде конкурстық комиссияның ұсынған материалдары негізінде бір айлық мерзімде мына шешімдердің бірін қабылдайды :

- 1) бағдарламаға енгізуді ұсыну;
- 2) жобаны қабыл алмауды ұсыну.

14. Конкурстық комиссия мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындыларын ескере отырып әрбір жоба жөнінде мына шешімдердің бірін қабылдайды :

- 1) бағдарламаға енгізілсін;
- 2) түзету енгізілген соң жобаны бағдарламаға кіргізу;
- 3) жобаны қабылдамау (нақты себебін көрсете отырып).

Конкурстық комиссияның шешімі хаттама түрінде рәсімделеді.

15. Конкурстың қорытындыларын шығарғаннан кейінгі үш күн ішінде конкурстық комиссия бағдарлама бойынша бас ұйымды оның нәтижелері туралы жазбаша хабардар етіп, оған конкурста жеңіп шыққан жобалардан бағдарлама құруды тапсырады .

16. Бағдарлама жөніндегі бас ұйым конкурстық комиссияның жазбаша хабарламасын алған соң үш күн ішінде потенциалды орындаушыларды олардың жобалары бағдарламаға кіргізілетінін жазбаша ескертеді.

17. Бас ұйым құрастырған бағдарлама Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің алқа мәжілісінде қарауға белгіленген тәртіппен енгізіледі .

18. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі алқасының қаулысына сәйкес бағдарлама Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітіледі.

3. Қорытынды ережелер

19. Конкурсқа қатысушы автор (ғылыми жетекші) мен бірлесіп атқарушылар конкурстық тапсырыстарды ашып көрген сәттен басып, конкурс жеңімпаздары анықталғанға дейін конкурстық тапсырысқа қатысты мәселелер бойынша осы нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда конкурстық комиссия мүшелері және сарапшылармен байланысуға рұқсат етілмейді.

20. Автор (ғылыми жетекші) не орындаушы ұйым және бірлесіп атқарушы жағынан конкурстық материалдарды қарауға, оларды бағалауға, салыстыруға, конкурс жеңімпаздарын анықтауға байланысты конкурс комиссиясының шешіміне қандай болмасын ықпал жасауға әрекет етсе, оның конкурстық тапсырысы қабылданбайды .

21. Конкурстық іріктеу процесінде туындаған барлық келіспеушіліктер тек қана конкурсты өткізуді реттейтін нормативтік актілерге сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК